

**Шохаманова Арайлым Муратовнаның «8D04107 – Инновациялық менеджмент» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылатын «Жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясы Қазақстан Республикасының туристік саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру факторы ретінде» тақырыбындағы докторлық диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

№ р/п	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (<u>АР26199455 «Өңірлер экономикасын әртараптандыру факторы ретінде кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыру: әлеуметтік-мәдени алғышарттар, жаңа бағыттар және іске асыру әдістері»</u>);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (<u>«Қазақстан-2050» Стратегиясы</u>);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Зерттеу Қазақстан Республикасы Жоғары білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті қаржыландыратын, ҚР ҒЖБМ ҒК «Экономика институты» жүзеге асырып отырған АР26199455 «Өңірлер экономикасын әртараптандыру факторы ретінде кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыру: әлеуметтік-мәдени алғышарттар, жаңа бағыттар және іске асыру әдістері» ғылыми жобасы аясында орындалды; ізденуші зерттеу тобының құрамында.</p> <p>Таңдалған тақырып мемлекеттік бағдарламалық құжаттардың негізгі бағдарларымен өзара сабақтасады. Атап айтқанда, ол кәсіпкерлік бастаманы ынталандыруға ерекше мән берілетін «Қазақстан-2050» ұзақ мерзімді стратегиясының ережелерін бейнелейді. Сонымен қатар, зерттеу 2023–2029 жылдарға арналған туристік саланы дамыту тұжырымдамасының басымдықтарын ескереді.</p> <p>Зерттеу нәтижелерінің ұлттық деңгейдегі міндеттерді шешумен байланысы оның өзектілігін, сондай-ақ практикалық бағыттылығын айқындайды. Алынған қорытындылар, ең алдымен, туризм саласындағы жастар арасындағы инновациялық кәсіпкерлікті дамыту үшін пайдаланылуы мүмкін.</p>
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс ғылым үшін елеулі қызығушылық тудырады, өйткені ол кәсіпкерлік белсенділікті зерттеу саласындағы теориялық және әдіснамалық ережелерді

			<p>тереңдетуге бағытталған. Автор кәсіпкерлік ортаның қалыптасуына әсер ететін факторлардың мазмұны мен құрылымын, әсіресе әлеуметтік-мәдени аспектілерге басымдық бере отырып, нақтылайды. Бұл өңірлік экономиканы әртараптандыру тетіктері туралы ғылыми түсініктерді кеңейтуге мүмкіндік береді және осы саладағы кейінгі зерттеулерге негіз қалыптастырады.</p>
3	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:  1) жоғары;  2) орташа;  3) төмен;  4) өзі жазбаған.</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің өзі жазу деңгейі жоғары деп бағаланады. Автор зерттеудің мақсаты мен міндеттерін өз бетінше айқындап, зерттеу логикасын құрып, әдістемелік құралдарды іріктеген. Жұмыста жастар кәсіпкерлігінің даму жағдайына кешенді талдау жүргізіліп, жастардың кәсіпкерлік ниеттерін айқындауға бағытталған әлеуметтік сауалнама ұйымдастырылып, іске асырылған, сондай-ақ алынған нәтижелерге түсіндірме берілген. Елеулі нәтижелердің бірі – Қазақстан Республикасының туристік саласында жастардың инновациялық кәсіпкерлігін дамытуға арналған авторлық стратегияның әзірленуі. Ұсынылған қорытындылар мен ұсынымдар дербес, аяқталған сипатқа ие және диссертанттың қарастырылып отырған ғылыми мәселені шешуге қосқан жеке үлесін көрсетеді.</p>
4	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:  1) негізделген;  2) ішінара негізделген;  3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертациялық зерттеу барлық құрылымдық элементтердің ішкі бірлігінің және логикалық үйлесімділігінің жоғары деңгейімен сипатталады.</p> <p>Тақырыптың өзектілігі жан-жақты негізделген және декларативті емес, дәлелді сипатқа ие. Автор қарастырылып отырған мәселенің маңыздылығын заманауи ғылыми тәсілдерді, экономиканың даму үрдістерін және жастар кәсіпкерлігінің ерекшеліктерін талдау арқылы бірізді түрде</p>

		ашады, бұл жұмыстың кіріспе бөлімі мен кейінгі мазмұны арасындағы табиғи байланысты қамтамасыз етеді.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды</u> ; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертацияның мазмұны мәлімделген тақырыпқа толық сәйкес келеді және оны кешенді түрде ашуга бағытталған. Жұмыста зерттеу фокусынан мазмұндық ауытқулар жоқ; әрбір тарау мен параграф зерттеудің жалпы мақсатына қол жеткізуде белгілі бір қызмет атқарады.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеудің мақсаты мен міндеттері дұрыс, логикалық және өзара байланыста тұжырымдалған. Қойылған мақсат зерттеу барысында бірізді түрде шешілетін міндеттер жүйесі арқылы нақтыланады. Диссертацияның құрылымы әрбір міндеттің шешімі тиісті бөлімдерде көрініс табатындай етіп құрылған, бұл ғылыми ізденістің тұтастығын қамтамасыз етеді.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Бөлімдер арасындағы логикалық өзара байланыс баяндаудың барлық деңгейінде айқын көрінеді. Теориялық ережелер талдамалық бөлімге негіз болса, талдау нәтижелері практикалық ұсынымдар мен авторлық ұсыныстарды әзірлеуге негіз болады. Бөлімдер арасындағы өтулер негізделген, логикалық үзілістер мен қайшылықтар жоқ, бұл жұмыстың композициясы жан-жақты ойластырылғанын көрсетеді.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Автор ұсынған жаңа шешімдер, соның ішінде қағидаттар, әдістер мен стратегиялық тәсілдер жеткілікті дәрежеде негізделгендігімен ерекшеленеді. Олар жүргізілген талдау нәтижелеріне, соның ішінде жастар кәсіпкерлігінің жай-күйін бағалауға және әлеуметтік сауалнама деректеріне сүйенеді, бұл олардың сенімділігін арттырады. Диссертант жастардың инновациялық кәсіпкерлігі, стартап-экожүйелер және туризмдегі стратегиялық

			<p>басқару тұжырымдамаларының негізгі қағидаларын жүйелеген. Қазақстанның туристік саласының жай-күйі мен даму үрдістерін, жастардың инновациялық кәсіпкерлікке ынталану факторларын және эмпирикалық зерттеу нәтижелерін талдау негізінде саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыру құралы ретінде туризмдегі жастардың инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясы әзірленген.</p> <p>Сонымен қатар, автор әзірленген шешімдерді қолданыстағы ғылыми тәсілдермен салыстыра отырып, олардың айрықша ерекшеліктерін, жаңашылдық элементтерін айқындауға және практикалық қолданылуын негіздеуге мүмкіндік береді.</p>
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?  1) толығымен жаңа;  2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);  3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?  1) толығымен жаңа;  2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);  3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Жұмыста ұсынылған ғылыми нәтижелер дербес және өзіндік сипатқа ие. Автор жастар кәсіпкерлігін әлеуметтік-мәдени факторларды ескере отырып зерттеудің теориялық тәсілдерін нақтылаған, сондай-ақ оның туристік саланың бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы рөлі туралы түсініктерді кеңейткен, бұл осы саладағы қолданыстағы ғылыми әзірлемелерді тереңдетуге мүмкіндік береді.</p> <p>Диссертацияда тұжырымдалған қағидалар жаңашылдық элементтерімен ерекшеленеді, өйткені олар жастар кәсіпкерлігінің қазіргі жай-күйіне жүргізілген авторлық талдауға және жүргізілген әлеуметтік зерттеудің нәтижелеріне негізделген. Бұл жаңа эмпирикалық деректер алуға және оларды зерттеліп отырған мәселе контекстінде түсіндіруге мүмкіндік береді.</p> <p>Диссертацияның қорытындылары негізделген және жаңа ғылыми әрі қолданбалы нәтижелерді қамтиды. Олар жастардың кәсіпкерлік белсенділігінің даму</p>

			заңдылықтары мен үрдістерін көрсетеді, сондай-ақ кәсіпкерлік ниеттердің қалыптасуына мотивациялық және әлеуметтік-мәдени факторлардың ықпалын нақтылайды.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Автор ұсынған шешімдер, соның ішінде экономикалық және басқарушылық тәсілдер жаңашыл сипатқа ие және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді. Атап айтқанда, IBM SPSS 18.0 бағдарламасын пайдалана отырып жүргізілген кешенді талдау нәтижелері мен автордың өз бетінше ұйымдастырып, өткізген әлеуметтік сауалнамасы негізінде Қазақстан Республикасының туристік саласында жастардың инновациялық кәсіпкерлігін дамытуға арналған авторлық стратегия әзірленген.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	<p>Диссертацияның негізгі қорытындылары жоғары деңгейде негізделген, бұл олардың зерттеудің мақсаты, міндеттері және нәтижелерімен дәйекті байланысынан көрінеді. Барлық қорытындылар автор жүргізген талдаудан туындайды және ғылыми әрі практикалық тұрғыдан расталған.</p> <p>Теориялық қорытындылар: Автор жастар кәсіпкерлігін зерттеудің қолданыстағы теориялық тәсілдерін нақтылап, жүйеледі, сондай-ақ кәсіпкерлік белсенділіктің қалыптасуына әсер ететін негізгі әлеуметтік-мәдени факторларды бөліп көрсетті.</p> <p>Эмпирикалық қорытындылар: Қазақстан Республикасының әртүрлі өңірлеріндегі жастар кәсіпкерлігінің жай-күйін талдау негізінде кәсіпкерлік белсенділік деңгейіндегі заңдылықтар мен өңірлік айырмашылықтар анықталды.</p> <p>Жастар арасында жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижелері кәсіпкерлік қызметпен айналысуға қатысты негізгі уәждерді, кедергілер мен ниеттерді айқындауға мүмкіндік</p>

			<p>берді, бұл қорытындылардың сенімділігін және олардың нақты әлеуметтік-экономикалық жағдаймен байланысын растайды.</p> <p>Практикалық және қолданбалы қорытындылар:</p> <p>Кешенді талдау мен эмпирикалық деректер негізінде өңірлік ерекшеліктерді, мотивациялық және әлеуметтік-мәдени факторларды ескеретін туристік саладағы жастардың инновациялық кәсіпкерлігін дамытуға арналған авторлық стратегия әзірленді.</p> <p>Ұсынылған басқарушылық және экономикалық шешімдер негізделген және туризм мен кәсіпкерліктің қазіргі даму жағдайларына сәйкестігі тұрғысынан тексерілген, бұл олардың қолданбалылығын және практикалық құндылығын растайды.</p> <p>Осылайша, диссертацияның барлық негізгі қорытындылары жүргізілген зерттеумен логикалық тұрғыдан өзара байланысты, теория мен эмпирика негізінде дәлелді түрде негізделген, белгілі ғылыми шешімдермен салыстырылған және жаңашылдық элементтерін қамтиды, бұл олардың сенімділігі мен кейінгі зерттеулер мен практикалық қолдану үшін өзектілігін айқындайды.</p>
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Қорғауға ұсынылған диссертацияның негізгі ережелері дәлелденген, бірегей және тәжірибелік маңызға ие. Олар теориялық талдау нәтижелеріне, эмпирикалық зерттеулерге және қолданыстағы ғылыми тәсілдермен салыстыруға негізделген.</p> <p>Әзірленген шешімдер қолданыстағы тәжірибелерді қайталамайды, керісінше туризм саласындағы жастар кәсіпкерлігін дамытуға бағытталған жаңа тәсілдерді ұсынады.</p> <p>Олардың жаңашылдығы стратегиялық ұсыныстардың</p>

		<p>7.3 Жаңа ма?  1) <u>ия</u>;  2) жок;  3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:  1) тар;  2) орташа;  3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?  1) <u>ия</u>;  2) жок;  3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>мазмұнынан да, оларды іске асыру әдістемесінен де көрінеді, соның ішінде кәсіпкерліктің жай-күйін талдауды, әлеуметтік зерттеулер нәтижелерін және өңірлік ерекшеліктерді кешенді түрде ескеруімен ерекшеленеді.</p> <p>Автор ұсынған ережелер мемлекеттік басқару жүйесінде, кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларында және туристік саланы дамытуда іс жүзінде қолданылуы мүмкін, бұл олардың өзектілігін және қорғауға дайын екендігін растайды.</p>
8	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:  1) <u>ия</u>;  2) жок.</p>	<p>Диссертацияның әдіснамасы негізделген және зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Теориялық талдауды, эмпирикалық зерттеуді және әлеуметтік сауалнаманы қамтитын кешенді тәсіл қолданылған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:  1) <u>ия</u>;  2) жок.</p>	<p>Деректерді өңдеу және талдау үшін заманауи компьютерлік бағдарламалар (IBM SPSS 18.0, Excel, Google Form) қолданылды, бұл нәтижелердің дәлдігін, көрнекілігін және сенімділігін қамтамасыз етті. Қолданылған әдістер мен құралдар зерттеудің қайта жаңғыртылуын арттырып, алынған қорытындылардың негізділігін дәлелдейді.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):  1) <u>ия</u>;  2) жок.</p>	<p>Эмпирикалық деректер зерттеу барысында анықталған өзара байланыстарды, заңдылықтарды, қорытындыларды және белгіленген критерийлерге сәйкес түсіндірілген әзірленген модельдерді растайды.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Негізгі қағидалар дәйексөз келтірілген әдебиеттерге жасалған сілтемелермен және IBM SPSS бағдарламалық қамтамасыз етуін пайдалана отырып жүргізілген деректерді талдау нәтижелерімен расталған.</p>

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	<p>Диссертация пайдаланылған дереккөздер мен акпараттың жоғары сенімділігімен сипатталады. Заманауи ғылыми жарияланымдар, ресми статистикалық мәліметтер, мемлекеттік бағдарламалар мен стратегиялық құжаттар, сондай-ақ автордың өз бетінше жүргізген әлеуметтік сауалнамасының нәтижелері және Қазақстан өңірлеріндегі жастар кәсіпкерлігін талдау материалдары пайдаланылған. Қолданылған дереккөздердің жалпы саны 267 атауды құрайды.</p> <p>Барлық деректер тексеріліп, дұрыс түсіндірілген, дәйексөз келтіру стандарттары сақталған. Бұл қорытындылардың негізділігін және ұсынылған қағидалардың практикалық тұрғыдан қолданылуын қамтамасыз етеді.</p>
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) жок.	<p>Жұмыс жастар кәсіпкерлігі туралы ғылыми түсініктерді дамытуға үлес қосады. Автор қолданыстағы тәсілдерді жүйелеп, талдаудың жаңа әдістерін ұсынып, өңірлердегі кәсіпкерлік белсенділікті зерттеудің теориялық базасын кеңейтетін тұжырымдамалық қағидаларды әзірлеген. Алынған қорытындылар мен талдау нәтижелері экономика, басқару және кәсіпкерлікті дамыту салаларындағы, сондай-ақ оқу үдерісіндегі кейінгі ғылыми зерттеулерге негіз болады.</p>
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жок.	<p>Жұмыстың практикалық маңызы автор әзірлеген Қазақстан Республикасының туристік саласында жастардың инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясында көрініс табады, онда өңірлік ерекшеліктер, жастардың уәждемесі және саланың дамуының заманауи үрдістері ескерілген.</p> <p>Ұсынылған басқарушылық, экономикалық және ұйымдастырушылық шешімдер жастар кәсіпкерлігін ынталандыру мақсатында мемлекеттік және өңірлік басқару органдары, білім</p>

			<p>беру ұйымдары мен кәсіпкерлік құрылымдар тарапынан пайдаланылуы мүмкін.</p> <p>Жұмыс инновациялық кәсіпкерлік белсенділікті дамытуға және жастар бастамаларын қолдауға арналған практикалық ұсынымдар береді, бұл оның экономикалық тәжірибе мен мемлекеттік саясат үшін маңызын арттырады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Жастардың кәсіпкерлік белсенділігін ынталандырудың ұсынылған әдістері мен инновациялық бастамаларды қолдау шаралары, соның ішінде Қазақстан Республикасының туристік саласында жастардың инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясы толықтай жаңашыл болып табылады, өйткені олар автордың өз бетінше жүргізген эмпирикалық зерттеуінің (сауалнамасының) нәтижелеріне, сондай-ақ экономикалық-математикалық әдістерді қолдануға негізделген, бұл олардың бірегейлігін және қазіргі экономикалық әрі әлеуметтік жағдайларға бейімделгендігін қамтамасыз етті.</p> <p>Осылайша, жұмыстың практикалық ұсыныстары жаңашыл, негізделген және Қазақстан экономикасы мен өңірлік даму жағдайында қолдануға дайын болып табылады.</p>
10	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Диссертация жазылуы мен ресімделуі тұрғысынан жоғары деңгейде орындалған. Мәтін логикалық тұрғыдан құрылымдалған, академиялық стиль сақталған, дұрыс терминология қолданылған. Жұмыстың құрылымы нақты, бөлімдер мен тараулар өзара байланысты, кестелер мен графиктер көрнекі түрде ұсынылған. Әдебиеттер тізімі мен сілтемелер талаптарға сәйкес ресімделген, бұл материалдың айқындығы мен сенімділігін қамтамасыз етеді.</p>

11	Диссертацияға ескертулер		<p><i>Зерттеудің өзектілігі мен аяқталғандығын, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығын ескере отырып, мынаны атап өткен жөн: автор ел өңірлеріндегі туристік және жастар кәсіпкерлігінің даму жағдайына салыстырмалы талдауды дәйекті түрде жүргізген. Сонымен бірге, егер жұмыста ауылдық және қалалық жерлердегі жастар кәсіпкерлігінің даму деңгейін салыстыру, сондай-ақ әлеуметтік сауалнамада өңірлер бөлінісінде осы аумақтардағы жастардың кәсіпкерлік қызметке даярлығын нақтылау қамтылғанда, зерттеу мазмұны анағұрлым толық болар еді.</i></p> <p><i>Айтылған ескерту ұсынымдық сипатқа ие және жұмыстың жалпы оң бағасына әсер етпейді.</i></p>
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		<p>Шохаманова Арайлым Муратовнаның «Жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясы Қазақстан Республикасының туристік саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру факторы ретінде» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы докторлық диссертацияларға қойылатын Ғылыми дәрежелерді беру қағидаларының талаптарына сәйкес келеді, ал оның авторы 8D04107 – Инновациялық менеджмент білім беру</p>

			бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық.
--	--	--	--

Ресми рецензент,  
экономика ғылымдарының кандидаты,  
профессор, Академик Е.А. Бөкетов атындағы  
Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің  
«Менеджмент» кафедрасының профессоры

10.04.2026 ж.

